



19-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫҢ ЖАҒАНДАНУЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ Әлемдік сауда және қаржы





Кітап: Әлемдік саясаттың жаһандануы. Халықаралық қатынасқа кіріспе

Дәріс: Әлемдік сауда және қаржы

Әлемдік сауда - бұл ұлттық экономикалар арасындағы тауарлар және қызметтер алмасу. Әлемдік сауданы дамыту әлемдік тауарлар нарығының пайда болуына әкелді.

Әлемдік нарық - бұл халықаралық еңбек қатынастарын бөлу мен халықаралық экономикалық қатынастардың өзара байланысты жүйесіне қатысатын жекелеген елдердің өзара байланысқан және бір бірімен өзара іс-қимыл жасайтын ұлттық нарықтарының жиынтығы.

Әлемдік сауданың орнықты, тұрақты өсуіне келесілер әсер етеді:

- халықаралық еңбек бөлінісін тереңдету және өндірісті халықаралық ету;
- экономиканың жаңа секторларын құруға ықпал ететін және ескілерін қалпына келтіруді жеделдететін ғылыми-техникалық революция;
- халықаралық нарықтағы трансұлттық компаниялардың белсенді қызметі;
- халықаралық сауданы ырықтандыру;
- сауда-экономикалық интеграция процестерін дамыту, трансшекаралық кедергілерді жою, еркін сауда аймағын құру және т.б.

ТСБК (Тарифтер мен сауда туралы бас келісім) негізгі мақсаты халықаралық сауда саласындағы кедергілерді азайту болып табылады. Бұған тарифтік кедергілерді, сандық шектеулерді (импорттық квота) және сауда субсидияларын әртүрлі қосымша келісімдер арқылы төмендете отырып қол жеткізілді. Сондықтан олар 1995 жылы ТСБК-ны ресми түрде жабу туралы ереже қабылдады, оны халықаралық құқықтағы еркін сауда нормаларын ендіруге бағытталған тұрақты көпжақты мекеме - Дүниежүзілік сауда ұйымымен алмастарды (ДСҰ).

Халықаралық Валюта Қоры мен Дүниежүзілік Банк осыған байланысты екі негізгі орган болып табылады – екеуі де өз жолдарын 1940 жылдардағы Бреттон Вуд келісімінен бастаған болатын. Бреттон Вудс Келісімі 1944 жылғы 1 шілде және 22 шілде аралығында өткізілген Бреттон-Вудс конференциясының нәтижесінде құрылған ақшалай қатынастар мен сауда-саттықты реттеудің халықаралық жүйесі болып табылады.

Халықаралық Валюта Қоры (бұдан әрі – ХВҚ) – мүше мемлекеттер арасындағы валюта несие қатынастарын реттейтін, төлем теңгерімінің тапшылығынан валюталық қиындықтар туындаған кезде оларға шетел валютасымен қысқа және орта мерзімді несие беру жолымен қаржы көмегін көрсететін халықаралық ұйым. Оған БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі мәртебесі берілген және әлемдік валюта жүйесінің институционалдық негізі болып табылады. Құрамына 189 мемлекет кіреді. Басқарушы орган ретінде Басқарушылар кеңесі және Атқарушылық кеңес әрекет етеді. ХВҚ 1947 жылғы 1 наурыздан бастап қаржы операцияларын жүргізе бастады.

Қаржы - орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қаражат қорларын қалыптастыру, тарату және пайдалану үдерісінде туындайтын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Әлемдік қаржы орталықтары - халықаралық валюта, несие және қаржы операциялары, бағалы қағаздармен және алтынмен операциялар жүргізетін банктер мен мамандандырылған несие-қаржы институттарының шоғырлану орталықтары болып табылады. Әлемдік қаржы орталықтары - Лондон, Нью-Йорк, Цюрих, Франкфурт-на-Майне, Люксембург, Сингапур және т.б.